

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



G·GLOBAL

Х Астана экономикалық форумы аясындағы
**«ӘЛЕУЕТТІ МҮМКІНДІКТЕР НЕГІЗІНДЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ
ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ ЖӘНЕ
ӘРТАРАПТАНДЫРУЫН ЖЕДЕЛДЕТУ»**

жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ

II БӨЛІМ

15 маусым 2017ж.

СБОРНИК ТРУДОВ

международной научной конференции молодых ученых

**«УСКОРЕНИЕ ДИВЕРСИФИКАЦИИ И ПОВЫШЕНИЕ
КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ
КАЗАХСТАНА НА ОСНОВЕ ПОТЕНЦИАЛЬНЫХ ВОЗМОЖНОСТЕЙ»**

под эгидой X Астанинского экономического форума

ЧАСТЬ II

15июня 2017г.

PROCEEDINGS

of the international scientific conference of young scholars

**«ACCELERATING DIVERSIFICATION AND IMPROVING THE
COMPETITIVENESS OF KAZAKHSTAN'S NATIONAL ECONOMY BASED
ON POTENTIAL OPPORTUNITIES»**

in the framework of the X Astana Economic Forum

PART II

15 June 2017

Астана, Қазақстан
Astana, Kazakhstan

УДК 330.(063)
ББК 65.01
Ә53

Редакционная коллегия:

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.,
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н, доцент Алибекова Б.А.
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н., доцент Бабланов Т.К.
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А., к.э.н., и.о. доцента Мусина К.П.

Ә53 **Әлеуетті мүмкіндіктер негізінде Қазақстанның ұлттық экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру және әртараптандыруын жеделдету: Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф. еңбектер жинағы.** – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2017.
Ускорение диверсификации и повышение конкурентоспособности национальной экономики Казахстана на основе потенциальных возможностей: Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2017.
Proceedings of the international scientific conference of young scholars «Accelerating diversification and improving the competitiveness of Kazakhstan's national economy based on potential opportunities» Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2017.

ISBN 978-9965-31-871-9
ISBN 978-9965-31-869-6

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында әлеуетті мүмкіндіктер негізінде Қазақстанның ұлттық экономикасының бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату және әртараптандыру жеделдетудің және ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы диверсификации национальной экономики Казахстана на основе потенциальных возможностей.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of Kazakhstan's national economy diversification based on potential opportunities and development of recommendations for improving the competitiveness of the country's economy.

ISBN 978-9965-31-871-9
ISBN 978-9965-31-869-6

УДК 330 (063)

кезең көрсеткіштері сәйкес келген жоқ. Бұдан шығатын қорытынды «Қазақстан инжиниринг» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның «табыстылық - тәуекелділік- өтімділік» балансын бейнелейтін $\Delta EVA > \Delta CA > \Delta E$ шектеулерге сәйкес келмеу себебі қарыз капиталының үлесі мен тәуекел деңгейінің жоғары болуымен байланысты болып табылады.

Сонымен, қарастырылған капитал құрылымын оңтайландыруға байланысты зерттеулерді қорытындылайтын болсақ, капитал құрылымын оңтайландыру әрбір компания үшін маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Оны оңтайландырудың бірнеше жолдары бар. Атап айтатын болсақ, компанияның нарықтық құнын максималдау, капиталдың орташа өлшенген құнын минималдау, қаржылық тәуекелдер деңгейін минималдау, қаржылық рентабельділік деңгейін максималдау және т.б. Аталған іс – шараларды жасау үшін компанияға көп жұмыс атқаруға тура келеді. Компанияның оңтайлы капитал құрылымын қалыптастыру процесі стратегиялық және ағымдағы аспектілерде қарастырылуы қажет. Стратегиялық мақсат негізделген нарықтық құнды максималдау арқылы жүзеге асады. Және қосылған құнның экономикалық моделі (EVA) компания құнын басқаруда аналитикалық құрал ретінде жоғары әлеуетке ие болып табылады. Осыған байланысты компания құнын басқару жүйесі шеңберінде капитал құрылымын қалыптастырудың қысқа және ұзақмерзімді мақсаттардың сабақтастығын қамтамасыз ететін EVA көрсеткіші ұсынылады. Капиталдың орташа өлшенген құны төмен болған сайын, компания үшін жағымды жағдайды қалыптастырады. Сонымен қатар, табыстылық – тәуекелділік – өтімділік балансын бейнелейтін $\Delta EVA > \Delta CA > \Delta E$ шектеулерге компания сәйкестігін қарастырдық. Бірақ жүргізілген есептеулер арқылы «Қазақстан инжиниринг» Ұлттық компаниясы» АҚ аталған шектеулерге сәйкес емес екендігі анықталды. Оның сәйкес болмауы қарыз капиталы мен тәуекел деңгейінің жоғары болуына байланысты.

Әдебиет:

1. Этрил П. Финансовый менеджмент и управленческий учет для руководителей и бизнесменов/Питер Этрилл, Эдди Маклейни; Пер. с англ. – 2-е издание-М.: Альпина Паблишер, 2014.-648 с.
2. Бриггем Ю., Дж.Хьюстон. Финансовый менеджмент. 4-издания. Пер. с англ. Под ред. А.Г.Колос.,-СПб: Питер, 2007.- 541 с.
3. //www.ke.kz«Қазақстан инжиниринг» Ұлттық компаниясы» АҚ-ы сайты. 2011-2015 жылдардағы жылдық қаржы есептері.

ҚАРЖЫ МЕНЕДЖМЕНТІН ЖЕТІЛДІРУДЕ БАНКТИҢ АКТИВТЕРІН БАСҚАРУ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ МЕХАНИЗМДЕРІ

Бұлақбай Ж.М., Ақбаев Е.Б.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.,Қазақстан
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағандық.,Қазақстан
E-mail: Bulakbay_zhannat@mail.ru, erbolsyn.2011@mail.ru

Қазақстан экономикалық белсенділікті қалпына келтіру үшін өсу үрдісінің нығаюымен, тәуекелдердің төмендеуімен және дамушы елдердегі динамиканың баяулауымен сипатталады. Әлемдік нарықтардағы ауқымды дағдарыстардың ықтималдылығының төмендеуінен болған оң ая дамушы елдердің қаржылық жағдайларының, оның ішінде әлемнің негізгі экономикаларының ақша-кредит саясатының күтілетін өзгерістерінен туындайтын қаржылық жағдайларының қатандануымен қатар жүреді. Соның салдарынан капиталдың әкетілуі экономикалық агенттердің валюталық басымдықтарының өзгеруі дамушы елдер валюталарының құнына қысым көрсетеді. Банк секторының бәсекелестік

артықшылықтары сыртқы және ішкі көздердің қалыптасуы мен олардың банк жүйесіне әсер етуіне тікелей байланысты.

Қазақстан Республикасында банк секторы 01.01.2017 ж. жағдай бойынша 33 екінші деңгейдегі банкпен көрініс тапты, олардың ішіндегі 15 банк шетелдік қатысумен, оның ішінде 11 еншілес банк бар [1].

Қазақстан Республикасының коммерциялық банктері бойынша жиынтық активтер мен несие портфелінің жағдайын талдай келе: ҚР екінші деңгейдегі банктерінің активтері 2017 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 25556,8 млрд. теңге, ал 2016 жылдың басында – 23780,3 млрд. теңге, 2016 жылы өсу 7,5% құрағандығын көреміз. 2014 жылдың басынан бері өсу – 16,9% болды. ҚР екінші деңгейдегі банктерінің активтері 2015 жылғы 1 қаңтарына 18239 млрд. теңге, 2014 жыл ішінде – 18,0% жоғарылаған. Активтер құрылымындағы ең көп үлесті 2017 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 15510,8 млрд.теңге сомадағы несие алады, 2016 жылы 1 қаңтардағы жағдайында 15553,7 млрд.теңге болды, ал 2015 жылы 1 қаңтарда жиынтық активтердің 63,1%-ы немесе 14361 млрд. теңге сомадағы несие портфелі, 2014 жылдың басында – 13348 млрд. теңге құрап, 2014 жылдың басынан бері өсу 7,6% болды.

2017 жылы 1 қаңтарда заңды тұлғаларға қарыздар несие портфелінің 42,3% үлесімен 6553,5 млрд.теңге, 2016 жылы 1 қаңтарда 7307,2 млрд.теңге немесе несие портфелінің 47,0%-ын құраған. 2016 жылы азауы- 10,3% болды. Жеке тұлғаларға қарыздар несие портфелінің 2017 жылы 1 қаңтарда 24,3% үлесімен 3766,6 млрд.теңге сома, 2016 жылы 1 қаңтарда 3872,9 млрд.теңге немесе үлес салмағы 24,9%.

NPL - жұмыс істемейтін қарыздар 2017 жылы 1 қаңтарындағы жағдай бойынша, яғни 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздар барлығы 1042,1 млрд.теңге немесе несие портфелінің 6,7%-ын құрағанын көреміз. 2016 жылдың басында 1236,9 млрд.теңге немесе несие портфелінің 8,0% - ын құрайды.

Несие портфелі бойынша провизиялар 2017 жылы 1 қаңтарындағы жағдай 1642,9 млрд.теңге немесе 10,6% болса, 2016 жылы 1 қаңтарда 1647,8 млрд.теңге немесе 10,6%-ын құраған. 2014 жыл со соңында 4104 млрд. теңге немесе несие портфелінің 28,6%-ы мөлшерде, 2014 жылдың басында – 4 644 млрд. теңге немесе несие портфелінің 34,8%-ы қалыптасты.

Міндеттемелер мен салымдар 2017 жылы 1 қаңтардағы жағдайы бойынша ҚР екінші деңгейдегі банктерінің міндеттемелері 22716,3 млрд.теңге, осы жылы өсім 6,7% болды. 2016 жылы клиенттердің салымдары 17268,6 млрд.теңге, 2015 жылы 15605,1 млрд.теңге, сонда 2016 жылы артуы 10,7% болды.

Меншікті капиталдың жеткіліктілігін қарастырғанда: 2016 жылы 3226,1 млрд.теңге, к1-1 – 13,7%, к1-2 – 14,3%; к2 – 16,3%. Өтімділігі жоғары активтер 6500,5 млрд.теңге немесе активтердің 25,4%-ы болды.

Банк секторының кірістілігін анықтау бойынша: банк секторының таза пайдасы 2016 жылы 397,6 млрд.теңге, 2014 жылы 120 млрд. теңге. 2016 жылы таза кірістің жиынтық активтерге қатынасы (ROA) 1,61%, 2015 жылы 1,15% , 2014 жылы 0,86%, 2013 жылдың ұқсас күніне 8,91%. Таза кірістің баланс бойынша меншікті капиталға қатынасы (ROE) 2016 жылы 14,94%, 2015 жылы 9,36%, 2014 жылы 6,90%, 2013 жылдың ұқсас күніне 69,90% болды.

2016 жылы макроэкономикалық көрсеткіштер: банк секторы активтерінің ЖІӨ-дегі үлесі – 61,4%; Несие портфелінің ЖІӨ-дегі үлесі – 35,0%; Клиенттер салымдарының ЖІӨ-дегі үлесі – 38,9%.


Тұрақты макроэкономикалық даму үрдісіне орай еліміздегі банк секторларының ағымдағы жағдайын және өлшемдерін төмендегі 2-кестеден көре аламыз.

Қазақстанның банк секторының негізгі өлшемдері, 2012-2016жж

Көрсеткіштер	2012 ж.	2013 ж.	2014ж.	2015ж.	2016ж.
ЕДБ-дің активтері, млрд теңге	13870,3	15461,7	18239	23780,3	25556,8
ЕДБ активтерінің ЖІӨ-ге қатынасы, %	44,1	45,1	47,2	57,6%	61,4%
Экономикаға берілген несиелер, млрд теңге	11656,6	13348,2	14184,8	15510,8	15553,7
Несиелердің ЖІӨ-ге қатынасы, %	37,1	38,9	36,7	37,9	35,0
ЕДБ меншікті капиталы, млрд теңге	2 072,0	2 347,4	2 623	2490,1	3226,1
ЕДБ меншікті капиталының ЖІӨ-ге қатынасы, %	6,6	7,0	11,8	8,9	10,3
Депозиттер, млрд теңге	8532,8	9844,9	11 351	15605,1	17268,6
Депозиттердің ЖІӨ-ге қатынасы, %	27,1	28,7	29,4	41,7%	38,9%
Ескерту – сурет [1] дерек көзінен жасалынған.					

Несиелік портфельдің ЖІӨ-дегі үлесі де зерттелген жылдар бойына артуы да азаюы да байқалады. 2016 жылы 1 қаңтардағы экономикаға берілген несиелер көлемі 15553,7 млрд.теңге, 2015 жылы 15510,8 млрд.теңге, 2014 жылы 14184,8 млрд.теңге, 2013 жылы 13348,2 млрд.теңге, 2012 жылы 11656,6 млрд.теңге болды.

1-суретте жалпы ҚР ЕДБ-дің активтері 2016 жылы 25556,8 млрд.теңге, 2015 жылы 23780,3 млрд.теңге, 2014 жылы 18239 млрд.теңге, 2013 жылы 15461,7млрд.теңге, 2012 жылы 13870,3 млрд.теңге болды.



1 - Сурет – ҚР банк секторының активтері мен несие портфелінің динамикасы, млрд теңге [1]

2013 жылы 2012 жылмен салыстырғанда 10,2%-ға артқан, сонымен қатар мұндай өзгерістер де жыл сайын байқалып отыр. 2016 жылдың қорытындысы бойынша ҚР ЕДБ-дің активтерінің шамалары 2-кестеде берілген.

ЕДБ-дің активтері бойынша рейтингі (01.01.2017 ж.)

№	Қаржылық мекеме	Активтер, млрд. теңге	Жыл бойына өзгерісі, %
1	«КАЗКОММЕРЦБАНК» АҚ	4890	20,6%
2	«Қазақстанның Халық Банкі» АҚ	4869	-3,6%
3	«Цеснабанк» АҚ	2082	7,4%
4	«Сбербанк» АҚ ЕБ	1655	3,6%
5	«АТФ Банкі» АҚ	1371	14,3%
6	«Банк ЦентрКредит» АҚ	1359	-5,6%
ЕДБ бойынша барлығы		25561	7,5%
Ескерту: автормен құрастырылған [1]			

2-кестеден көріп отырғанымыздай, ҚР банк секторының жиынтық активтері 25557 млрд.тенге. ҚР 33 ЕДБ-дің арасында 01.01.2017 жылды алдыңғы 01.01.2016 жылмен салыстырғанда банк активтері бойынша «Цеснабанк» АҚ активтері алғашқы 3 банктер қатарында өз орындарын сақтап қалған. «КАЗКОММЕРЦБАНК» АҚ активтері 4890 млрд. тенге, «Қазақстанның Халық Банкі» АҚ активтері 4869 млрд.тенге, «Цеснабанк» АҚ жиынтық активтері 2082 млрд. тенге құрағанын көруге болады.

3-кесте


Банктердің рейтингісі

ЕДБ	Активтер, млрд.тенге	S&P Global Ratings 01.01.2017ж.	Fitsh Ratings 01.01.2017ж.
«Қазақстанның Халық Банкі» АҚ	4890	BB/Негативті/В kzA	BB/Тұрақты/В
«КАЗКОММЕРЦБАНК» АҚ	4869	В-/Негативті/С kzB+	CCC/С
«Цеснабанк» АҚ	2082	В+/Негативті/В kzBBB	В/Тұрақты/В BB+(kaz)
«Сбербанк» АҚ ЕБ	1655	-	BB+/Тұрақты/ВAA-(kaz)
«АТФ Банкі» АҚ	1371	В/Негативті/В kzBB	В-/Тұрақты/В BB-(kaz)
«Банк ЦентрКредит» АҚ	1359	В/Негативті/В kzBB+	В-/Тұрақты/BBB-(kaz)

Ескерту: автормен құрастырылған [1]

Коммерциялық банктің активті операциясы арқылы экономика салаларын қаржылармен қамтамасыз ету, олардың ынталы қызмет етуін қалыптастыру, елдің жеке немесе заңды тұлғаларының есеп айырысу қызметтерін жүргізу, экономикада делдалдық қызметтер атқару, халықты немесе басқа да ұйымдарды несиелендіру операциялары - өз кезегінде коммерциялық банктердің активтік операцияларының экономикадағы маңыздылығы мен мәнін айқындайды [3].

ҚР барлық ЕДБ-дің активтерінің құрылымын төмендегі суреттерден көре аламыз.



2 - Сурет–Екінші деңгейдегі банктердің жиынтық активтерінің құрамы [1]

Капиталға салынған салымдар баптары бойынша көрсеткіштер төмендеген. ЕДБ-дің құрылымында жылдың басымен салыстырғанда маңызды өзгерістер болмаған. Активтер құрамында басты орын банктік займдар мен «кері РЕПО операциялары» алады - 56,9%; қолма - қол ақша мен тазартылған құнды металдар - 13,4% құнды қағаздар - 12,2% құралған.

Мәселелер шеңберінде ұсынылатын шаралар мен алынатын нәтижелер төменде кестеде ұсынылады.

1-кесте

Коммерциялық банктіердегі қаржылық менеджментінің мәселелері, шешу жолдары мен күтілетін нәтижелер жүйесі

Мәселелер	Ұсынылатын іс шаралар	Алынатын нәтижелер
Капиталдану деңгейінің төмендігі	Банк ресурстарын активтерге орналастыруына және активтер сапасын бағалау, сондай-ақ активтерді қоржындық тәсілмен басқару әдістемесін жасау	Банктердің капитализациясын арттыру бір жағынан коммерциялық банктердің санын азайтса, екінші жағынан шетелдік серіктес банктермен қаржылық операциялары бойынша бәсекелестілігін арттырады. Бұл келешекте банк клиенттеріне, салымшыларына депозиттер мен кредиттер бойынша тиімді пайыздық ставка ұсынуына, өзге де банк операциялары бойынша талаптар күшейтіліп, сыйақылар шамасы артады.
Өтімділік пен қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі	Банктің активін басқару жүйесінің тиімділігін қалыптастыруға және сондай-ақ проблемалық активтерді басқарудың үлгісін жасау шаралары	Банктің активін басқару жүйесінің тиімділігін қалыптастыруға және сондай-ақ проблемалық активтерді басқарудың үлгісін жасау. Пайда табу мақсатында табысты активтерге орналастыру. Банк операциялары мен қызметтері бойынша банк қызметкерлерінің кәсіби жұмысының, консультация беруінің сапасы артады.
Банк қызметінде озық технологияларды игерудің әлсіздігі	Саралау жүйелері бұл шешімдерді автоматты түрде қабылдай алатын және осы не басқа клиенттерге қатысты әлеуетті тәуекел ықтималдығын бағалай алатын бағдарламалар	Бизнесте белсенді енгізілетін жаңа технологиялар. Клиенттермен қызметтегі және банк қызметіндегі туындаған сұрақтарға әрдайым мониторинг жүргізу
Тәуекелдерді басқару жүйесін дамыту	Нақты қарыз алушының несиелік тәуекелін басқару. Несиелік қоржынның тәуекелін басқару.	Банктік қызметтегі алаяқтық фактілерін анықтай алатын деректер базасын басқару жүйесін іске асыру. Тәуекелді анықтауда пайдаланылатын ақпарат көздерін талдау. Тәуекелді бақылау
Ескерту: автормен құрастырылған		

Қаржылық тұрақтылықтың ішкі факторларының бөлігінде әлеуетті тәуекелді көп дәрежеде тұтынуға, ішкі сұраныстың жоғары импорттық құрамдас бөлігіне және инвестицияларға негізделген экономикалық өсудің ағымдағы үлгісі құрады [3].

Бұл ретте жеке жинақтар деңгейінің жеткіліксіздігі, оларды пайдаланудан болатын түсімнің төмендігі мемлекеттің және банктердің таза сыртқы активтерді өсіруі жағдайында басқа да тең жағдайлар жағдайында Ұлттық Банктің алтын-валюта резервтерінің жеткіліктілігіне қысым көрсетеді. Бұған сонымен қатар қатысушыларының күтулерінің өзгеруіне осал қаржы нарықтарының валюталық және ақша сегменттеріндегі ресурстарды қайта бөлу тереңдігінің төмендігі мен тиімділігі ықпал етеді, бұл шиеленіс кезеңдерінде оған ҚРҰБ-ның өтеу үшін неғұрлым белсенді қатысуын талап етеді. Қазақстанда қазір несиелердің негізгі түрлерін талдай келе отырып, жетілдіруде келесілерді ұсынады:

- несиелердің аймақтар бойынша берілуі, әрбір өнім бойынша жеке және заңды тұлғалардың табысына қарай пайыздық сыйақы мөлшерлемесін бекітіледі;
- экономика салалары бойынша берілетін несиелердің үлесін өндіріс саласына берілетін несиелер түрлерін ынталандыру шараларын қолға алу;
- несиелер портфелінің сапасын жақсарту үшін несиелеу процесіне сақтандыру компанияларын белсенді қатыстыру;
- банктердің несиелер саясатын жетілдіру арқылы несиелерге қол жетімділікті қамтамасыз ету.

Соңғы қатарға ілінген банк әрине қиын даму кезеңін өткізуде: меншік иесінің өзгеруі, нашар несиелерді тазалау және оған нарықтағы экспансиялауға жағдайы жетпейді.

Әдебиет:

1 //http: www.nationalbank.kz. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми сайты. 2012-2016 жылдардағы статистикалық бюллетені

2 Даулетбақова Н.М. Совершенствование механизмов управления собственным капиталом коммерческих банков в условиях рынка // Научный мир Казахстана. – 2010. - №2. - С.75-79.

3 Ахметов Д. Стратегия формирования ресурсов банка // Финансы Казахстана. – 2010. - №2. - С.67-72.

CONSIDERATION OF THE THEORETICAL METHODOLOGY OF INVESTMENT CLIMATE RATING EVALUATION

Vakulich M.

Alfred Nobel University, Dnipro, Ukraine

E-mail: mariavakulich1189@gmail.com

One of the important conditions of stable development of the national economy is to improve investment climate management at the macro level. In Ukraine the problem of intensification of investment processes is subject to ongoing scientific discussions related to the research of factors affecting the investment climate, diagnostics development of the state management of investment climate, analysis of individual aspects of the investment process at the macro-, meso- and micro levels.

The effective functioning of the investment policy in modern conditions of instability and chaotic economic environment requires the improvement of all organizational-economic mechanism of investment, including the development of an integrated concept for investment climate management in the national economy. Therefore, the deepening of theoretical, organizational and methodological bases of management of investment climate in Ukraine's economy deserves special attention. Modern stage of development of Ukraine's economy is characterized by the pursuit of an ambitious goal to ensure sustainable economic growth at the expense of system technological upgrading and economic restructuring. The financial crisis, the consequences of which are felt around the world, demonstrated the unwillingness of most companies to work in the unstable conditions of the external economic environment [1].

The basis for investment climate management in Ukraine's economy should be based on the principles of state regulation, expressed in state financial support for the development of: price, competition policy, infrastructure development, search directions of anti-crisis structural investment policy in Ukraine. However, a complete scientific study of the problems of investment climate management in an unstable economic environment has not been carried out. So, poorly designed questions remain regarding the conduct of rating evaluation of state management of investment